



Автор: БАЙМАГАНБЕТОВА АСЕЛЬ АЛИМХАНОВНА

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Ғарышқа саяхат

Тақырып: Қазақстанның тұңғыш ғарышкері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.1.1.1 - анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру. 4.2.4.1 - жоспар/жазбаларын қолданып, мәтінді толық мазмұндау
Тілдік мақсаттар:	Жаңа сөздер
Күтілетін нәтиже:	Барлық оқушылар орындай алады: анық айтылған сөзді тыңдап түсінеді, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасайды және нақтылау мақсатында сұрақтар құрастырады. жоспар/жазбаларын қолданып, мәтінді толық мазмұндайды. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: анық айтылған сөзді тыңдап түсінеді, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасайды және нақтылау мақсатында сұрақтар құрастырады және сол сұрақтарға жауап береді. Жоспар/жазбаларын құрастырады. Жоспарға сүйене отырып мазмұндайды жән негізгі ақпаратты анықтайды. Кейбір оқушылар орындай алады: анық айтылған сөзді тыңдап түсінеді, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасайды және нақтылау мақсатында сұрақтар құрады және сұрақтарға жауап береді.Тірек сөздерді қолдана отырып сөйлем құрастырады. Жоспар/жазбаларын құрастырады. Жоспарға сүйене отырып мазмұндайды жән негізгі ақпаратты анықтайды.
Бағалау критерийлері:	<ul style="list-style-type: none">Сөздерді түсінедіҚысқаша жазба жасайдыСұрақтар құрастырадыЖоспар құрайдыМәтінді мазмұндайдыНегізгі ақпараттарды анықтайды
Құндылықтарды дарыту:	<ul style="list-style-type: none">Өзіне және өзгелерге құрмет. Мұғалім мен оқушылардың бір-бірімен амандасуында, сыпайы, ойын ашық білдіріп, тыңдауда, сабақты уақытында бастап, аяқтауда, тапсырмаларды нұсқалық бойынша толық орындауда, бір-бірінеқолдау көрсетуінде көрініс табады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	PowerPoint таныстырылымы.
Пәнаралық байланыс:	Астрономия
Бастапқы білім:	Ғарыштағы ас мәзірі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 минут)	Ұйымдастыру. 1.Сыныптың психологиялық атмосферасын қалыптастырып, «Өзіңе тілегенді өзгеге тіле» әдісі арқылы оқушылармен шаттық шеңберін орнатамыз. «Мозаика» әдісі арқылы оқушыларды 2 топқа бөлемін. Үй тапсырмасын «Ыстық орындық» арқылы тексеремін. • Кері байланыс. «Бутерброд» әдісі. Бірінші жағымды түсініктеме беріп, кейін құрылымды сын айтып, соңынан тағы да жағымды пікір білдіремін. Маған ұнады, себебі Енді келесі жолы ҚБ :«Ым-ишарат» әдісімен бағалаудың ауызша түрі.(керемет, тамаша, жақсы, т.б.) Тақырыпты анықтау кезеңі. Мәтіналды жұмыс. «Қазақтың тұңғыш ғарышкері» туралы бейнебаянмен танысу. Бейнебаянды көріп болғаннан кейін, балаларға сұрақтар қоямын. Балалар, бейнебаян кім туралы? Ғарышкердің атын білесіңдер ме? Тамаша, бүгінгі жаңа тақырып қазақтың тұңғыш ғарышкері.	Қағаз қиындылары, орындық. https://www.youtube.com/watch?v=eCh92Gzozbl

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (28 минут)	<p>Ал енді қазір мәтінді мұқият тыңдайық. 15-бет, 2-тапсырма. Мәтінді тыңдап болған соң, «Түртіп алу» әдісі арқылы таныс емес сөздерді жаздыртамын, мағынасын түсіндіремін. Ал енді келесі тапсырма. «Бұлақ» әдісі арқылы әрбір оқушы А4 парағын алып, жеке жұмыс жасайды. 1. Тыңдаған мәтіннен тірек сөздерді табыңыздар. 2. Тыңдаған мәтінге бір сұрақтан құрастырыңыздар. Мәтін бойынша оқушылар ашық сұрақтар құрастырып, «Конверттегі сұрақ» әдісі бойынша бір-біріне сұрақтар қояды және жауап алады. Саралау жұмысы: оқулықтың және мұғалімнің көмегімен тірек сөздер табады, сұрақтар құрастырады.</p> <p>Оқушылар сергіту сәтін жасайды. Келесі тапсырма топтық жұмыс. Мәтінге жоспар құрып, негізгі идеясын анықтау. Оқушылар мәтінді талдай отырып, жоспар құрады, негізгі идеясын айтады. Соңғы тапсырма. Жеке жұмыс. Оқушылар мәтіннің мазмұнын жоспарға сүйеніп айтып береді. Үй жұмысы: 17-бет, 4-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздердің бірін қойып, оқы. Тоқтар Әубәкіровке Елбасы өз қолынан сыйлықтарын ұсынды. Оған Қазақстанның ғарышкер-ұшқыш атағын берді. Жаттығу кезінде ғарышкерге көп керек. Бұл оны ғарыштағы салмақсыздыққа дайындайды. Жүргізуші ғарышкерлерді үшін сахнаға шақырды. «Өз арманыңа жеткің келсе, бол», - дейді Тоқтар аға. Керекті сөздер: батыл, марапаттау, марапат, айналу.</p>	<p>https://yandex.kz/collections/card/5c694f20eeb4ef007c285fc6/</p> <p>оқулық</p>
Сабақтың соңы (5 минут)	<p>«Рефлексиялық шеңбер» Қасыққа көңіл-күйлерін смайлик салу арқылы білдіреді. • Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? • Бүгін не білдіңіз? • Сіз үшін не жаңалық болды? • Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз? • Сабақта қандай қиындықтар туындады? • Сабақ аяқталғанда көңіл-күйіңіз қандай?</p>	Смайликтер